



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Идентификациялық карталар МАШИНАМЕН САНАЛАТЫН ЖОЛ ҚҰЖАТТАРЫ 2-бөлім

Машинамен саналатын визалар

Карты идентификационные МАШИНОСЧИТЫВАЕМЫЕ ДОРОЖНЫЕ ДОКУМЕНТЫ Часть 2

Машиносчитываемые визы

ҚР СТ ГОСТ Р 52535.2-2009

*ГОСТ Р 52535.2-2006 Идентификациялық карталар. Машинамен саналатын құжаттар.
2-бөлім. Машинамен саналатын визалар (IDT)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Идентификациялық карталар

МАШИНАМЕН САНАЛАТЫН ЖОЛ ҚҰЖАТТАРЫ

2-бөлім

Машинамен саналатын визалар

ҚР СТ ГОСТ Р 52535.2-2009

*ГОСТ Р 52535.2-2006 Идентификациялық карталар. Машинамен саналатын құжаттар.
2-бөлім. Машинамен саналатын визалар (IDT)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

АЛҒЫСӨЗ

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК және Стандарттау жөніндегі № 34 «Ақпараттық технологиялар» («Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ базасындағы) техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2009 жылғы 27 қазандағы № 534-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Ресей Федерациясының ГОСТ Р 52535.2 – 2006 «Идентификациялық карталар. Машинамен саналатын құжаттар. 2-бөлім. Машинамен саналатын визалар» стандартымен бірдей

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2014 жыл
5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мәтіні – ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандартты қайта қараған немесе ауыстырған (жойған) жағдайда, тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Визаларға қойылатын жалпы техникалық талаптар	3
	А қосымшасы (міндетті) Азаматтықты, туған жерін белгілеуге арналған мемлекеттің, МСЖҚ беретін мемлекет – уәкілетті органның кодтары	10
	Б қосымшасы (міндетті) МСВ-А визасының машинамен саналатын деректер құрылымы	14
	В қосымшасы (ақпараттық) МСА визалардың бақылау цифрлары	17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Идентификациялық карталар**МАШИНАМЕН САНАЛАТЫН ЖОЛ ҚҰЖАТТАРЫ****2-бөлім****Машинамен саналатын визалар**

Енгізілген күні 2010-07-01**1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен өкілеттік берілетін мемлекеттік органдардың шетел азаматтарына Қазақстан Республикасы аумағында болуы үшін беретін машинамен саналатын жапсырылатын және ендірілетін визаларға таралады және машинамен саналатын визаларға (бұдан әрі – виза) қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы стандарттың талаптары паспорт және олар Қазақстан Республикасының шекарасын қиып өткенде жапсырылатын немесе оған ендірілетін виза иесінің жеке басын паспорт немесе виза деректерін машинамен санауға арналған автоматтандырылған бірыңғайлау құралдарымен және көзбен шолып бақылау құралдарымен идентификациялауды қамтамасыз ететін аталған халықаралық стандартқа сәйкес халықаралық стандарт ретінде қабылданған Халықаралық азаматтық авиация ұйымының талаптары мен ұсынымдарына сәйкес келеді ИКАО) Doc 9303, 2-бөлім*.

Осы стандарттың талаптарын ҚР СТ ГОСТ Р 52535.1-2009 талаптарымен бірге қарастыру керек.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1.9 – 2007 Қазақстан республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарды және стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу бойынша нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР СТ ГОСТ Р 52535.1 – 2009 Идентификациялық карталар. Машинамен саналатын жол құжаттары. 1-бөлім. Машинамен саналатын паспорттар.

ГОСТ 7.67 – 2003 (ИСО 3168-1:1997) Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Ел атауларының кодтары.

ГОСТ ИСО 8601 – 2001 Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Күні мен уақытын көрсету. Жалпы талаптар.

ГОСТ 16330 – 85 Ақпаратты өңдеу жүйелері. Оптикалық оқуға арналған қаріптер. Типтері, негізгі параметрлері мен өлшемдері.

ГОСТ 28540 – 90 Ақпаратты өңдеу жүйелері. Оптикалық оқуға арналған қаріптер бедеріне қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 – 2002* Идентификациялық карталар. Физикалық сипаттамалары.

Ресми басылым

* Аталған стандартты ҚР СТ 1.9 сәйкес қолдану керек

ЕСКЕРТПЕ: Осы стандартты пайдаланған кезде, жыл сайын шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» атты ақпараттық сілтеме бойынша стандарттар мен жіктегіштердің қолданысын ағымдағы жылғы жай-күйі және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде, ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда сілтеме берілетін ереже осы сілтемеге қатыссыз бөлімде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта мынадай терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылады:

3.1 Машинамен саналатын жол жүру құжаты; МСЖҚ: Иесі түрлі мемлекеттерге сапарға шығу үшін пайдаланатын (мысалы: паспорт, виза, жеке бас куәлігінің ресми құжаты) және көзбен көретін міндетті деректер (оператор санайтын) мен машинамен саналатын пішіндегі міндетті ерекше қысқа деректер болатын, мемлекет немесе ұйым беретін ресми құжат.

3.2 Машинамен саналатын паспорт; МСП: Иесі туралы, оны берген мемлекет немесе ұйым туралы ақпарат болатын ID-3 өлшеміндегі кітапшаны білдіретін құжат және визалық және өзге белгілер.

ЕСКЕРТПЕ: МСП ҚР СТ ГОСТ Р 52535.1 талаптарына сәйкес болуы керек.

3.3 МСП деректер беті: Стандарттық визуалды және машинамен саналатын деректер болатын белгіленген өлшемдегі МСП беті.

ЕСКЕРТПЕ: Егер МСП беті соңғы бет болып табылса, онда қарсы беті МСП мұқабасына желімделеді.

3.4 Машинамен саналатын виза; МСВ: Doc 9303, 2-бөлім талаптарына сәйкес келетін виза (кіруге берілетін рұқсат).

ЕСКЕРТПЕ: МСВ паспорттың визалық бетіне желімдейді.

3.5 Толық өлшемдегі машинамен саналатын виза (А пішіні); МСВ-А: Паспорттың визалық бетін толық толтыратын, Doc 9303, 2-бөлім талаптарына ұсынылатын өлшемге сәйкес келетін МСВ.

3.6 Шағын өлшемдегі машинамен саналатын виза (В пішіні); МСВ-В: Визадан кейін болатын паспорттың визалық бетіндегі бос орынды сақтайтын және мысалы, виза және желімделетін паспорт бетіне мөр басуға мүмкіндік беретін, Doc 9303, 2-бөлімінің ID-2 құжатының өлшеміне қойылатын талаптарға сәйкес келетін МСВ.

3.7 Машинамен саналатын ресми жол жүру құжаты; МСРЖҚ: Мемлекет немесе ұйым беретін, халықаралық сапарлар үшін паспорт немесе виза функциясын орындайтын мемлекет қабылдайтын және беретін мемлекеттер арасындағы келісім бойынша машинамен саналуға тиіс ресми жеке бас куәлігі.

3.8 Машинамен саналатын аймақ; МСА: Машинамен саналатын міндетті және қосымша деректер болатын белгіленген кеңістік.

3.9 Тиімді санау аймағы; ТСА: МСА болатын машинамен саналатын деректерді құжатты санаушы санауы мүмкін барлық МСЖҚ үшін ортақ белгіленген өлшемдегі кеңістік.

3.10 Көзбен шолып тексеру аймағы; КТА: Беткі және қарсы беті МСА анықтауға жатпайтын (қолданылатын жерде) МСЖҚ бөліктері (МСП пайдаланған кездегі деректер беті).

3.11 **Беретін мемлекет:** МСЖҚ беретін ел.

3.12 **Қабылдаушы мемлекет:** МСЖҚ иесі сапарға шығуға рұқсат алу үшін өтініш беретін ел.

3.13 **Беру ұйымы:** Ресми жол жүру құжатын беруге өкілеттігі болатын ұйым (мысалы, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі).

3.14 **Аймақ:** МСЖҚ берілетін қисынды топтастырылған элементтер болатын кеңістік.

ЕСКЕРТПЕ: МСВ-А үшін алты аймақ анықталады.

3.15 **Өріс:** Аймақ құрамында берілетін нақты элементті орналастыру үшін белгілеген кеңістік.

3.16 **Тақырып:** Өрісті белгілеу үшін басылған сөз немесе сөз тіркесі.

3.17 **Фотосурет:** Құжат иесі бетінің көзбен көретін бейнесі.

3.18 **Биометрикалық деректер:** Құжатта жабдық арқылы санау үшін қолайлы формула сақталатын жеке идентификациялаудың ерекше физикалық элементі (мысалы, құбылмалы мұқаба, саусақ таңбасы немесе бетінің кескіні).

4 Визаларға қойылатын жалпы техникалық талаптар

4.1 Жалпы талаптар

4.1.1 Машинамен саналатын визаларды паспорттың визалық бетіне орналастыру үшін қағаз желімдеме түрінде дайындайды. Визаларды ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 бойынша ID-3 пішініне сәйкес келетін А (МСВ-А) пішінінде әзірлеу қажет.

4.2 МСВ-А өлшемі мен орналасуы

4.2.1 МСВ-А номиналды өлшемдері ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 (ID-3 типіндегі карта) сәйкес және мынадай болуға тиіс:

80,0 мм × 120,0 мм.

4.2.2 МСВ-В тақырып аймағын қоспағанда, тиісті сыртқы жиегінен 2,0 мм қашықтықта болатын өрісі болуы керек. Өрісте қандай да бір деректер болмауы керек.

4.2.3 Виза жиегінің рұқсат етілетін өлшемдері мынадай шектерден шықпауы қажет:

79,0 мм × 119,0 мм – ішкі тік бұрыш;

81,0 мм × 121,0 мм – сыртқы тік бұрыш.

4.2.4 Визаның қалыңдығы паспорт бетінің қалыңдығының артуы оған визаны желімдегеннен кейін 0,19 мм артық болмауы керек. Машинамен санау аймағының (МСА) ішіндегі учаскенің қалыңдығы 0,05 мм артық болмай өзгеруі керек. Қабатты қорғау икемдегішін пайдаланғанда, оның қалыңдығы 0,15 мм аспауға тиіс.

4.2.5 Визаны оның МСА паспорттың визалық бетінің сыртқы жиегіне дәл және оған параллель, ал визаның сол жиегі визалық беттің сол жиегімен дәл және параллель болатындай етіп жапсыру қажет.

4.2.6 Визаның МСА МСА деректерінің екі жолы осы аймақ ішінде болуы үшін тиімді санау аймағы шегінде болуы керек.

4.2.7 Паспорттың визалық бетінде бір визаны ғана салу керек.

4.3 Визаның физикалық сипаттамалары

4.3.1 Визаларды дайындау кезінде пайдаланылатын материалдарға қойылатын талаптарды визаның қолданылу мерзіміне байланысты белгілеу керек. Мұндайда визаның материалы оған салынатын құрауыштарға әсер етпеуге тиіс.

4.3.2 Визалар оларды қалыпты жағдайда пайдаланған кезде туындайтын пішін өзгерістеріне тұрақты болуға тиіс. Визаның майысуы, бірақ сынуы емес, оны одан әрі пайдалану және санау құрылғысының жұмысы үшін санау құрылғысында зиянсыз тегістелуге тиіс.

4.3.3 Визалар уытты болмауы керек және ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

4.3.4 Визалар химиялық заттар әсерін сезгіштігі визаларды қорғауды арттыру қажеттігінен туындайтын жағдайды қоспағанда, химиялық заттар әсеріне орнықты болуға тиіс.

4.3.5 Визалар оларды минус 10 °С-тан бастап 50 °С-қа дейінгі температурада пайдаланған кезде машинамен саналатын және өз қасиеттерін минус 35 °С-тан бастап 80 °С-қа дейінгі температурада сақтағаннан кейін сақтауға тиіс.

4.3.6 Визалар оларды ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 сәйкес 25 °С температурада 5 %-дан бастап 95 %-ға дейінгі салыстырмалы ылғалдылық жағдайында пайдаланған кезде машинамен саналатын және өз қасиеттерін 0 %-дан бастап 100 %-ға дейінгі салыстырмалы ауа ылғалдылығында сақтаудан кейін сақтауға тиіс.

4.3.7 Визалар оларды қалыпты жағдайда пайдаланғанда, жарық әсеріне орнықты болуға және ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

4.4 Қорғауды қамтамасыз ету

4.4.1 Визада қамтылатын қорғау элементтері мен құралдары оны тексеру сенімділігін және санаған кезде кедергі болмауын қамтамасыз етуге тиіс.

4.4.2 Визада қамтылатын қорғау элементтері мен құралдары алаяқтықты көзбен шолып және/немесе автоматты байқауды оңайлату үшін қолданылады және қолдан жасалатын визалардан қорғауды қамтамасыз етуі керек.

4.4.3 Визада қамтылатын қорғау элементтері мен құралдары осы стандартқа қайшы келмейтін қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұлттық қауіпсіздік деңгейін сақтауға бағытталған арнайы талаптармен анықталады.

4.5 Виза құрастырудың жалпы ережелері

4.5.1 Деректерді орналастырудың халықаралық бірыңғайлауды қамтамасыз ету үшін, оларды көзбен шолу сияқты машинамен санайтын құралдарды қолданып саған кезде, визалар осы стандартта белгіленетін стандарттық құрастыру талаптарына сәйкес болуға тиіс.

4.5.2 Визаға салынатын деректер төменде берілетін мынадай алты аймақта болуы керек:

I – міндетті тақырып;

II – дербес деректердің міндетті және қосымша элементтері;

III – құжат деректерінің міндетті және қосымша элементтері;

IV – қолы (түпнұсқа немесе көшірме) және ресми мөр;

V – идентификациялау элементінің міндетті аймағы (фотосурет);

VII – міндетті машинамен санау аймағы (МСА).

1-ескертпе: IV виза аймағында қойылатын қол – визаны беретін қызметкердің қолы. Қол

ресми мөрмен куәландырылады.

2-ескертпе: Визаларды құрастыруды иммиграциялық бақылау пункттерінде визаларды тексеруді оңайлату үшін II аймағының үстіне III аймағын орналастыру қарастырылады.

3-ескертпе: МСВ-А VI аймақ болмайды.

4-ескертпе: I-V аймақтары– көзбен шолып тексеру аймағы (КТА).

4.5.3 Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында негізгі идентификациялау элементі ретінде V аймағында фотосуретті пайдалану керек.

4.5.4 Визадағы аймақтар орналасуы және тізбектілігі 1-суретте берілген.

Визаны номиналды құрастыру үлгісі 2-суретте берілген.

ЕСКЕРТПЕ: Үзік сызықтар орналасқан орны тіркелмеген болып табылатын аймақтар шекарасын білдіреді.

4.5.5 2-суретті осы стандарттың 4.6 бөлімімен бірге қарастыру қажет. Деректер үшін тағайындалатын КТА барлық кеңістігі пайдаланылады деп болжанады. КТА жолдарды сирету барынша аз рұқсат етілген сирету болып табылады (25,4 мм 8 жол). Егер аз ақпарат талап етілсе, жолдарды сирету КТА жолдардың аз санын басу үшін арттырылуы мүмкін.

4.6 Көзбен шолып тексеру аймағы (I-V)

4.6.1 Визаның КТА онда деректерді жалпы өзара әрекеті мен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін орналастыру біркелкілігі сақталатын міндетті және қосымша аймақтардан тұруға тиіс.

4.6.2 Визаның КТА тақырыптары онда енгізілетін деректер үшін негізгі элементтер ретінде қолданылады. Тақырыптар орыс тілінде орындалуға тиіс, олардың аудармасы қисық сызықпен «/» бөлінеді және виза беретін елдің барынша көп қолданылатын тілінің бірінде орындалады (ағылшын, француз, испан).

4.6.3 I аймағы $[(120,0 \pm 1,0) \text{ мм}]$ визаның жоғарғы жиегінде оған барлық ені бойынша параллель болуға тиіс. I аймағының өлшемі тігінен 12,0 мм аспауы қажет.

I аймақта беруші мемлекетті және құжат типін 4.6.2 көрсетілгендей, шет тілінде аудармасы болатын орын тілінде көрсетеді. Қаріптің стилінде және өлшемінде шектеулер болмайды.

4.6.4 V аймағы оның сол жиегі визаның сол жиегімен дәл келетіндей болып орналасуға тиіс (2-суретті қараңыз). Номиналды өлшемдерінен ауытқу 2-суретте көрсетілген шақтамалардан аспауға тиіс.

4.6.5 III аймағының жоғарғы шеті I аймақтың төменгі шетімен дәл болуы қажет.

4.6.6 IV аймақты визаның оң жағына тікелей МСА үстіне ол осы аймаққа кірмейтіндей етіп орналастыру керек.

Визаның жоғарғы жиегі (МСВ-А)

(01) Беруші мемлекет		(02) Құжат типі		*
Идентификациялау элементі	(03) Беру орны	(04) Бастап жарамды	(05) Дейін жарамды	
	(06) Сапарға шығу саны	(07) Құжаттың нөмірі		
	(08) Типі/класы/санаты (аумақтық әрекет ету шегін қоса алғанда)			
	(09) Қосымша ақпарат (егер ол күшіне енген күнінен ерекшеленетін болса, сапарда болу ұзақтығы, жағдайы)			
	(10) Тегі-негізгі анықтағыш		(11) Аты-жанама анықтағыш	
	(12) паспорт №	(13) Жынысы	(14) Туған күні	(15) Азаматтығы
	(16) Қосымша жеке деректері			
V аймақ		Қолы немесе ресми мөр		
Машинамен саналатын жоғарғы жол				
Машинамен саналатын төменгі жол				

Аймақ

I

III

II

IV

VII

1-ескертпе: КТА 8 жолға есептеуде мөрдің максималды 25,4 мм жалпақтығына және 15 белгіден есептеуде мөрдің көлденең 25,4 мм негізделген.

2-ескертпе: О – өріс нөмірі.

3-ескертпе: Шынайы визада аймақтар шекарасы белгіленбейді На.

4-ескертпе: * - міндетті емес бақылау нөмірі – I немесе II аймақта көрсетілгендей ертерек не көлденең, V аймағының оң жиегінің жанындағы кез келген жерде тігінен басылады.

1-сурет – (МСВ-А) А пішінінің машинамен саналатын деректерінде берілетін элементтерді орналастыру


4.7 КТА енгізілетін деректер

4.7.1 Визаның КТА барлық деректер айқын басылуы керек. КТА деректер енгізу кезінде пайдаланылатын қарып гарнитурасы мен өлшемі – ГОСТ 16330 және ГОСТ 28540 бойынша. КТА тұрақты қалыңдықтағы және ГОСТ 16330 бойынша ені 2,54 мм аралықтағы қарппен бірге OCR-B қарпінің 1 өлшемдегі белгілерін пайдалану керек.

4.7.2 Визаның КТА деректер жазу әріптерімен терілуге тиіс (жоғарғы регистр).

4.7.3 КТА деректер енгізген кезде, орыс (А – Я) және латын (А – Z) алфавитінің белгілерін, сондай-ақ 0123456789 цифрларын пайдалану қажет. Орыс алфавитінің белгілерін латын алфавитінің белгілерімен белгілеген кезде, ҚР СТ ГОСТ Р 52535.1 (А қосымшасы) пайдалану қажет. Орыс тіліндегі деректер және олардың латын белгілерімен қайталануын бір-бірінен аралық, қисық сызық «/» және тағы бір аралықпен бөлу керек.

4.7.4 Азаматтық, туған жер, МСЖҚ беруші мемлекет-уәкілетті орган кодтары А қосымшасына сәйкес болуы қажет.



Өлшемдері миллиметрмен

2-сурет – (MCB-A) А пішінді машинамен саналатын виза аймақтарының номиналды орналасуы

4.8 Машинамен саналатын міндетті VII аймақ

4.8.1 МСА визаны тексеруді және тексеру процедурасы уақытын қысқартуды оңайлату үшін тағайындалған. Одан басқа, МСА КТА болатын ақпаратты тексеруге мүмкіндік береді және базада сақталатын ақпараттың болуын және тексеру үшін пайдаланылуы мүмкін.

4.8.2 МСА машинамен саналатын сияқты, кез келген технологиялық құрылымы мен талаптарына үйлестірілген хаттама түрінде берілетін көзбен шолуға оңай болатын халықаралық практикада қабылданған бірыңғай пішіндегі деректер элементтері болады.

4.8.3 МСА пайдаланылатын қаріп гарнитурасы мен өлшемі ГОСТ 16330 сәйкес болуы қажет. МСА тұрақты қалыңдықтағы және аралық ені 2,54 мм OCR-B қарпінің 1 типтік өлшемдегі белгілерін пайдалану керек. МСА деректер жазбаларына арналған OCR-B гарнитурасы ҚР СТ ГОСТ Р 52535.1 берілген.

4.8.4 КТА өрістеріне сәйкес келетін МСА деректер элементтерін 3-суретте көрсетілгендей, екі жолға белгіленген ұзындық өрістеріндегі бірінші белгі бағытының сол жағынан бастап, МСА әрбір өрісінде басу керек.


4.8.5 Егер өріске енгізілген деректер осы өріс үшін тағайындалған өрістердің барлық бағытын алмайтын болса, онда қалған бағыттарды толтыру үшін < символын пайдалану қажет.

4.8.6 КТА 01, 05, 10, 11, 13 – 15 өрістеріне сәйкес келетін деректер элементтері міндетті болып табылады және Б қосымшасында көрсетілген жүйелілікпен әрбір өрістегі белгілердің сол жақ шеткі бағытынан бастап МСА машинамен саналатын пішінінде басылады.

4.8.7 Визаның сол жиегінен бастап бірінші белгіге дейінгі ара қашықтық $(4,0 \pm 1,0)$ мм тең болуы керек. Екі жолға арналған осьтік бақылау сызықтары және әрбір жолдың бірінші белгісінің минимальды бастапқы бағыттары 3-суретте көрсетілген. Белгілердің орналасуы осы бақылау сызықтарымен және екі кодты жолдарға арналған басу аймақтарында анықталады.

4.8.8 МСА машинамен саналатын жолдар деректерінің құрылымы Б қосымшасында берілген тізбектікке сәйкес болуы қажет.

4.8.9 Сенімділік және дұрыстық үшін, машинамен саналатын жолдар деректерінің құрылымына бақылау цифрларын қосу керек. Бақылау цифрларын қосу және есептеу үлгілері В қосымшасында берілген.



3-сурет – МСВ-А визасының машинамен саналатын аймақ диаграммасы

4.9 Бейнеленетін идентификациялау элементтері

4.9.1 Визаға арналған идентификациялаудың бейнеленетін элементтері: Қазақстан Республикасының аумағына келген басқа мемлекет босқынының бейнеленген фотосуреті және визаны берген ресми тұлғаның қолы тиісінше V және IV орналасқан.

4.9.2 Идентификациялық элемент өлшемдері (цифрлық фотосурет) $32,0 \text{ мм} \times 26,0 \text{ мм}$ бастап $39,0 \text{ мм} \times 31,0 \text{ мм}$ дейінгі шектерде болуға тиіс. Қолдан жасаудан қорғау мақсатында цифрлық фотосуретті шығару кезінде реңін алып тастау ұсынылады. Егер фотосуретті қатпарлы икемдегішпен сақтау қажет болса, онда оны оң жағына қарай $4,0 \text{ мм}$ орналастыруға болады.

4.9.3 Визада бейнеленетін түрлі-түсті фотосурет және мәтін цифрлық формада

жүргізіледі және КТА V аймағында ағынды басу әдісімен салынады. Егер фотосурет пайдаланылмаса, онда мәтін бөлігін қалыптық басу тәсілімен салуға рұқсат етіледі.

4.9.4 Бейнеленетін фотосурет алушының бетін маңдай алды кейпінде жасайды және шешуші қабілеті 300 dpi (1 мм 12 сызық) кем болмайтын оның бетінің шынайы түсін көрсетуге тиіс.

4.9.5 Ресми тұлғаның бейнеленетін қолтаңбасы түпнұсқалық қолтаңбаны КТА IV аймағында цифрлық түрде басу кезінде ауқымдап жасайды. Бейнеленетін қолтаңба түсі реңге қатысы бойынша қарама-қарсы болуға тиіс.

А қосымшасы
(міндетті)

**Азаматтықты, туған жерін белгілеуге арналған мемлекеттің, МСЖҚ беретін
мемлекет – уәкілетті органның кодтары**

А.1 кестесі

Әкімшілік аймақ бірлігі (қысқа атауы)	Коды	Әкімшілік аймақ бірлігі (қысқа атауы)	Коды
Австралия	AUS	Вьетнам	VNM
Австрия	AUT	Габон	GAB
Әзірбайжан	AZE	Гаити	HTI
Аланд аралы	ALA	Гайана	GUY
Албания	ALB	Гамбия	GMB
Алжир	DZA	Гана	GHA
Американдық Самоа	ASM	Гваделупа	GLP
Ангилья	AIA	Гватемала	GTM
Ангола	AGO	Гвинея	GIN
Андорра	AND	Гвинея-Бисау	GNB
Антарктика	ATA	Германия	D*
Антигуа және Барбуда	ATG	Гибралтар	GIB
Аргентина	ARG	Гондурас	HND
Армения	ARM	Гонконг	HKG
Аруба	ABW	Гренада	GRD
Ауғаныстан	AFG	Гренландия	GRL
Багам аралдары	BHS	Греция	GRC
Бангладеш	BGD	Грузия	GEO
Барбадос	BRB	Гуам	GUM
Бахрейн	BHR	Дания	DNK
Беларусь	BLR	Конго Демократиялық Республикасы	COD
Белиз	BLZ	Джибути	DJI
Бельгия	BEL	Доминика	DMA
Бенин	BEN	Доминикан Республикасы	DOM
Бермуд аралдары	BMU	Египет	EGY
Болгария	BGR	Замбия	ZMB
Боливия	BOL	Батыс Сахара	ESH
Босния және Герцеговина	BIH	Зимбабве	ZME
Ботсвана	BWA	Израиль	ISR
Бразилия	BRA	Үндістан	IND
Үнді мұхитындағы Британ аумағы	IOT	Индонезия	IDN
		Иордания	JOR
Бруней-Даруссалам	BRN	Ирак	IRG
Буркина-Фасо	BFA	Иран, Ислам Республикасы	IRN
Бурунди	BDI	Ирландия	IRL
Бутан	BTN	Исландия	ISL

А.1 кестесі (жалғасы)

Әкімшілік аймақ бірлігі (қысқа атауы)	Коды	Әкімшілік аймақ бірлігі (қысқа атауы)	Коды
Вануату	VUT	Испания	ESP
Ватикан	VAT	Италия	ITA
Венгрия	HUN	Йемен	YEM
Венесуэла	VEN	Кабо-Верде	CPV
Виргин аралдары (британдық)	VGB	Қазақстан	KAZ
Виргин аралдары (АҚШ)	VIR	Кайман аралдары	CYM
Шығыс Тимор	TMP	Камбоджа	KHM
Камерун	CMR	Мозамбик	MOZ
Канада	CAN	Монако	MCO
Катар	CAT	Моңғолия	MNG
Кения	KEN	Монтсеррат	MSR
Кипр	CYP	Мьянма	MMR
Кирибати	KIR	Намибия	NAM
Қытай	CHN	Науру	NRU
Кокос (Килинг) аралдары	CKK	Бейтарап аймақ	NTZ
Колумбия	COL	Непал	NPL
Комор аралдары	COM	Нигер	NER
Конго	COG	Нигерия	NGA
Корей Халықтық Демократиялық Республикасы	PRK	Нидерландтық аралдары	ANT
Коста-Рика	CRI	Нидерланды	NLD
Кот-д'Ивуар	CIV	Никарагуа	NIC
Куба	CUB	Ниуэ	NIU
Кувейт	KWT	Жаңа Зеландия	NZL
Қырғызстан	KGZ	Жаңа Каледония	NCL
Лаос Халықтық - Демократиялық Республикасы	LAO	Норвегия	NOR
Латвия	LVA	Біріккен Республикасы	TZA
Лесото	LSO	Біріккен Араб Эмираттары	ARE
Либерия	LBR	Оман	OMN
Ливан	LBN	Буве аралы	BVT
Ливия Араб Джамахириясы	LBY	Норфолк аралы	NFK
Литва	LTU	Рождество аралы	CXR
Лихтенштейн	LIE	Әулие Елена аралы	SHN
Люксембург	LUX	Кука аралы	COK
Маврикий	MUS	Терке және Кайнос аралдары	TCA
Мавритания	MRT	Уоллис және Футуна аралдары	WLF
Мадагаскар	MDG	Херд және Макдональд аралдары	HMD
Майотта	MYT	Шпицберген және Ян-Майен аралдары	SJM
Макао	MAC	Пәкістан	PAK

А.1 кестесі (жалғасы)

Әкімшілік аймақ бірлігі (қысқа атауы)	Коды	Әкімшілік аймақ бірлігі (қысқа атауы)	Коды
Македония	MKD	Палау	PLW
Малави	MWI	Палестин аумағы	PSE
Кіші Азия	MYS	Панама	PAN
Мали	MLI	Палуа-Жаңа Гвинея	PNG
АҚШ шағын аралдар аймағы	UMI	Парагвай	PRY
Мальдивы	MDV	Перу	PER
Мальта	MLT	Питкэрн	PCN
Марокко	MAR	Польша	POL
Мартиника	MTQ	Португалия	PRT
Маршалл аралдары	MHL	Пуэрто-Рико	PRI
Мексика	MEX	Корей Республикасы	KOR
Микронезия (Федеративті штаттар)	FSM	Того	TGO
Молдова Республикасы	MDA	Токелау	TKL
Реюньон	REU	Тонга	TON
Ресей Федерациясы	RUS	Тринидад және Тобаго	TTO
Руанда	RWA	Тувалу	TUV
Румыния	ROU	Тунис	TUN
Сальвадор	SLV	Түркіменстан	TKM
Самоа	WSM	Түркия	TUR
Сан-Марино	SMR	Уганда	UGA
Сан-Томе және Принсипи	STP	Өзбекстан	UZB
Сау Аравиясы	SAU	Украина	UKR
Свазиленд	SWZ	Уругвай	URY
Солтүстік Марианн аралдары	MNP	Фарер аралдары	FRO
Сейшель аралдары	SYC	Фиджи	FJI
Сенегал	SEN	Филиппин	PHL
Сент-Пьер және Микелон	SPM	Финляндия	FIN
Сент-Винсент және Гренадиндер	VCT	Фолкленд (Мальвин) аралдары	FLK
Сент-Китс және Невис	KNA		
Сент-Люсия	LCA	Франция	FRA
Сербия және Черногория	SCG	Франция, метрополия	FXX
Сингапур	SGP	Француз Гвианасы	GUF
Сирия-Араб Республикасы	SYR	Француз Полинезиясы	PYF
Словакия	SVK	Француз оңтүстік аумағы	ATF
Словения	SVN	Хорватия	HRV

А.1 кестесі (жалғасы)

Әкімшілік аймақ бірлігі (қысқа атауы)	Коды	Әкімшілік аймақ бірлігі (қысқа атауы)	Коды
Ұлыбритания Біріккен Корольдігі Британдық - азамат - тәуелді аймақ азаматы - ұлтшыл (теңіздің ар жағындағы аймақ) - теңіздің ар жағындағы азамат - қорғауда болатын тұлға - бодан	GBR GBD* GBN* GBO* GBP* GBS*	Орталық Африка Республикасы	CAF
		Чад	TCD
		Чех Республикасы	CZE
		Чили	CHL
		Швейцария	CHE
		Швеция	SWE
		Шри-Ланка	LKA
Америка Құрама Штаттары	USA	Эквадор	ECU
Сомали	SOM	Экваториалдық Гвинея	GNO
Соломон аралдары	SLB	Эритрея	ERI
Судан	SDN	Эстония	EST
Суринам	SUR	Эфиопия	ETH
Сьерра-Леоне	SLE	Оңтүстік Африка	ZAF
Тәжікстан	TJK	Оңтүстік Георгия және Оңтүстік Сандвич аралдары	SGS
Таиланд	THA		
Тайвань, Қытай провинциясы	TWN	Ямайка	JAM
Тимор-Лесте	TLS	Жапония	JPN
* Жұлдызшамен белгіленген мемлекеттер үшін қосымша кодтар болады.			

А.2 Біріккен Ұлттар Ұйымын куәландыруда пайдаланылатын кодтар

*UNO – Біріккен Ұлттар Ұйымын немесе оның қызметкерлерінің біреуін білдіреді.

*UNA – Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемесін немесе оның қызметкерлерінің біреуін білдіреді.

*UNK – Косово миссиясы шеңберінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Уақытша әкімшілігі жол жүру құжаттарын берген Косово тұрғынын білдіреді (МСОНК).

А.3 Азаматтығы анықталмаған тұлғаларға арналған кодтар

*ХХА – «Азаматтығы жоқ тұлғалардың жағдайы туралы конвенцияның» 1-бабында анықталғандай, азаматтығы жоқ тұлға, 1954 ж.

*ХХВ – «Босқындар мәртебесі туралы конвенцияның» 1-бабында анықталғандай босқын, 1951 ж. 1967 жылғы өзгерістермен.

*ХХС – ХХВ кодына сәйкес босқыннан ерекшеленетін босқын.

*ХХХ – жоғарыда аталған кодтардың кез келгенін көрсету қажет емес деп санайтын беруші мемлекетке қатысты азаматтығы белгіленбеген тұлға: ХХА, ХХВ немесе ХХС, осы тұлғаның мәртебесіне қарамастан. Аталған санатқа азаматтығы жоқ тұлғалар болып табылмайтын тұлғалар немесе босқындар кіруі мүмкін, бірақ олардың азаматтығы анықталмаған және олар заңды түрде беруші мемлекетте тұрады.

* Жұлдызшамен белгіленген кодтар А.1 кестесінің кодтарына қосымша болып табылады.

Б қосымшасы
(міндетті)

МСВ-А визасының машинамен саналатын деректер құрылымы

Б.1 кестесі – Машинамен саналатын жоғарғы жол деректерінің құрылымы

МСА белгілер бағыты (2 жол)	КТА өріс нөмірі	Деректер элементі	Талаптар	Белгілер саны
1 – 2		Құжаттың типі	МСВ білдіретін V әріпі бірінші белгі болып табылады. Екінші белгі – толтыру белгісі (<)	2
3 – 5	1	Беруші мемлекет – Қазақстан Республикасы	KAZ	3
6 – 44	10, 11	Аты	Аты екі толтыру белгісімен (<<) бөлінетін негізгі және туынды анықтағыштардан тұрады. Негізгі немесе туынды анықтағыштардың құрауыш бөліктері бір толтыру белгісімен (<) бөлінеді. Егер аты бір бөліктен тұрса, ол негізгі анықтағыш белгілер бағытында орналастырылады. Толтыру белгілері жолда пайдаланылмайтын бағыттарды толтыру үшін пайдаланылады	39 (Аты және толтырғыштар)
		Атындағы тыныс белгілері	МСА тыныс белгілерін енгізуге тыйым салынады	
		Атындағы дәйекшелер	КТА аймағында бір-бірінен бөлінген тегі немесе атының құрауыштары толтыру белгісінен (<) бірге жазылады. <i>Мысалы:</i> КТА: D'ARTAGNAN МСА: DARTAGNAN	
		Атындағы сызықша	Атындағы дефис (-) толтыру белгісімен (<) ауыстырылады	
		Үтірлер	КТА үтір екі бөліктен тұратын атындағы құрауыштарды бөлу үшін пайдаланылатын жағдайда, ол МСА бір толтыру белгісімен (<) ауыстырылады, анықтағыштар бір-бірінен екі толтыру белгісімен (<<) бөлінеді	
		Атындағы сөз алды қосымшасы	Атындағы сөз алды қосымшасы (мысалы: Sr. - аға) МСА енгізілмейді	

Б.1 кестесі (жалғасы)

МСА белгілер бағыты (2 жол)	КТА өріс нөмірі	Деректер элементі	Талаптар	Белгілер саны
		Толтырғыш	Белгілердің пайдаланылмаған барлық бағытын 44-бағытқа дейін толтыру белгілерімен (<) толтыру қажет	
		Қысқартылған тегі	Егер тегіндегі және атындағы белгілер саны талап етілетін бөлгіштермен бірге (толтыру белгілері) тегін жазу үшін болатын белгілер бағытының санынан асатын болса (яғни, 39), олар былай қысқартылады: - белгілер тегінен немесе атынан екі толтыру белгісін (<<) және екінші анықтағыштың бірінші құрауышының алғашқы белгісін орналастыруға болатын белгілердің үш бағыты босағанға дейін алынып тасталады. Соңғы белгі (44 бағыты) алфавиттік белгі болып табылады (A – Z). Ол қысқартудың болатынын көрсетеді.	

Б.2 кестесі – Машинамен саналатын төменгі жолдың деректер құрылымы

МСА белгілер бағыты (2 жол)	КТА өріс нөмірі	Деректер элементі	Талаптар	Белгілер саны
1 – 9	07 немесе 13	Паспорт немесе құжат нөмірі	КТА көрсетілетін паспорт нөміріндегі кез келген арнайы белгілер немесе аралықтар толтыру белгісімен (<) ауыстырылады. Нөмірден кейін қажет болған кезде 9 бағытқа дейін қайталанатын толтыру белгісін (<) қою керек	9
10		Бақылау цифры	В қосымшасын қараңыз	1
11 – 13	16	Азаматтық	Осы стандарттың А қосымшасындағы код пайдаланылады	3
14 – 19	15	Туған күні	YYMMDD құрылым болып табылады, мұндағы YY – жылы (2 бағыт), MM – айы (2 бағыт), DD – күні (2 бағыт). Егер туған күні белгісіз болса, онда тиісті бағытта толтыру белгісін (<) қою керек	6
20		Бақылау цифры	В қосымшасын қараңыз	1
21	14	Жынысы	F – әйел; M – ер; < - көрсетілмеген	1

Б.2 кестесі (жалғасы)

МСА белгілер бағыты (2 жол)	КТА өріс нөмірі	Деректер элементі	Талаптар	Белгілер саны
22 – 27	5	Дейін жарамды (күні)	ҮҮММDD құрылым болып табылады, мұндағы ҮҮ – жылы (2 бағыт), ММ – айы (2 бағыт), DD – күні (2 бағыт)	6
28		Бақылау цифры	В қосымшасын қараңыз	1
29 – 44		Деректердің қосымша элементтері	Қажет болған кезде қосымша деректер енгізіледі. Соңғы белгіден кейін 44- бағытқа дейін қажет болған кезде қайталанатын толтыру белгісі (<) керек.	16

В қосымшасы
(ақпараттық)

МСА визалардың бақылау цифрлары

В.2 кестесінде берілген визаның машинамен саналатын төменгі жолының деректер құрылымы үш бақылау цифрының қосылуын қарастырады (В.1 кестесін қараңыз).

В.1 кестесі

Бақылау цифры	Бақылау цифрын есептеу үшін пайдаланылатын белгінің бағыты (МСА төменгі жолы)	Бақылау цифрының бағыты (МСА төменгі жолы)
Паспорт немесе виза нөмірі	1 – 9	10
Туған күні	14 – 19	20
Визаның қолданылу мерзімі	22 – 27	28

В.1 МСА бақылау цифрларын есептеу

Бақылау цифрларын 731731 салмақтық функциясымен тұрақты қайталанатын 10 модулі бойынша былай есептейді:

В.1.1 1-саты. Солдан оңға қарай тиісті тізбектік бағытта тұрған салмақтық көрсеткішке цифрлық деректердің тиісті элементінің әрбір цифрын көбейту керек.

В.1.2 2-саты. Әрбір көбейту нәтижелерін қосу қажет.

В.1.3 3-саты. Алынған қосындыны 10-ға (модуль) бөлу керек.

В.1.4 4-саты. Алынған қалдық бақылау цифры болып табылады.

В.1.5 Егер нөмірде қолда бар белгілердің бағыты болмаса, бос бағыттарды толтыруға арналған деректер элементтерінде толтыру белгісі (<) пайдаланылады және оған бақылау цифрын есептеу үшін нөлдік мән беріледі.

В.1.6 Егер бақылау цифрын есептеу алфавит белгісі болатын деректер элементтеріне қолданылатын болса, А бастап Z дейінгі белгілердің тиісінше 10-нан бастап 35-ке дейінгі мәндері болады:

А	В	С	Д	Е	Ғ	Г	Н	І	Ј	К	Л	М	Н	О	Р	Q	R	S	T	U	V	W	X	Y	Z
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35

В.1.7 1-үлгі. Күнін жазу үшін тағайындалған өрісте бақылау цифрын қолдану

ГОСТ ИСО 8601 сәйкес цифрлық формада ұсынылатын 1952 жылғы 27 шілде күнін үлгі ретінде пайдаланғанда, есептеу былай жүргізіледі:

	Күні	5	2	0	7	2	7
	Салмақтық көрсеткіш	7	3	1	7	3	1
1-саты (көбейту)	Нәтиже	35	6	0	49	6	7
2-саты (нәтижелер қосындысы)		35	+6	+0	+49	+6	+7 = 103
3-саты (модульге бөлу)		$\frac{103}{10} = 10$, қалдық 3					

4-саты. Бақылау цифры қалдық 3-ке тең. Күнін және бақылау цифрын тиісінше 5207273 сияқты жазады.

В.1.8 2-үлгі. Құжат нөмірін жазу үшін тағайындалған өрісте бақылау цифрын қолдану

AB2134 нөмірін белгіленген ұзындықтағы өрістің 9 белгісінен тұратын кодтауға арналған үлгі ретінде пайдаланған кезде (мысалы, паспорт нөмірі), есептеу былай жүргізіледі:

Үлгі ретінде келтірілетін Деректер элементі	A	B	2	1	3	4	<	<	<
Ұйғарылған цифрлық мәндер	10	11	2	1	3	4	0	0	0
Салмақтық көрсеткіш	7	3	1	7	3	1	7	3	1
1-саты (көбейту)	70	33	2	7	9	4	0	0	0
2-саты (нәтижелер қосындысы) = 125		70	+33	+2	+7	+9	+4	+0	+0
3-саты (модульге бөлу)	$\frac{125}{10} = 12$, қалдық 5								

4-саты. Бақылау цифры қалдық 5-ке тең. Нөмір және оның бақылау цифрын AB2134<<<5 сияқты тиісінше жазады.

В.1.9 МСВ-А визасы үшін құраушы бақылау цифрын анықтамайды.

Түйінді сөздер: машинамен саналатын жол жүру құжаттары, машинамен саналатын паспорттар, машинамен саналатын визалар, идентификациялық карталар, машинамен саналатын аймақ, тиімді санау аймағы, көзбен шолып тексеру аймағы, беруші мемлекет, қабылдаушы мемлекет, еру ұйымы, биометрикалық деректер, фотосурет.



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Карты идентификационные

МАШИНОСЧИТЫВАЕМЫЕ ДОРОЖНЫЕ ДОКУМЕНТЫ

Часть 2

Машиносчитываемые визы

СТ РК ГОСТ Р 52535.2-2009

ГОСТ Р 52535.2-2006 Карты идентификационные. Машиносчитываемые документы. Часть 2. Машиносчитываемые визы (IDT)

Издание официальное

**Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН РГП «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» и Техническим комитетом по стандартизации № 34 «Информационные технологии» (на базе АО «Национальные информационные технологии»)

2 ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 27 октября 2009 года № 534-од

3 Настоящий стандарт идентичен стандарту Российской Федерации ГОСТ Р 52535.2 – 2006 «Карты идентификационные. Машиносчитываемые документы. Часть 2. Машиносчитываемые визы»

**4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

**2014 год
5 лет**

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений – в ежемесячных информационных указателях «Государственные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Государственные стандарты»

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Термины и определения	2
4	Общие технические требования к визам	3
	Приложение А (обязательное) Коды государств для обозначения гражданства, места рождения, государства – полномочного органа выдачи МСПД	10
	Приложение Б (обязательное) Структура машиносчитываемых данных визы МСВ-А	14
	Приложение В (информационное) Контрольные цифры в МСЗ визы	17

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Карты идентификационные**МАШИНОСЧИТЫВАЕМЫЕ ДОРОЖНЫЕ ДОКУМЕНТЫ****Часть 2****Машиносчитываемые визы**

Дата введения 2010-07-01**1 Область применения**

Настоящий стандарт распространяется наклеиваемые и вкладываемые машиносчитываемые визы, выдаваемые иностранным гражданам государственными органами Республики Казахстан, уполномоченными законодательством Республики Казахстан, для пребывания на территории Республики Казахстан и устанавливает общие требования к машиносчитываемым визам (далее – виза).

